

PhD А.З. Бисенғалидің
«8D02301 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Кенбаева Айнур Зинеловнаның «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	А.З. Кенбаеваның «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының төменде көрсетілген мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған: 1) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы); 2) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); 3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасында көрсетілген мына тараулар: 1) Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт., 5) Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы 21.11.2018 ж.). 4) Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының мына тарауы: 5) «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.).

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған.	Диссертант А.З.Кенбаева тың тақырыпты зерттеуге алған. Фольклор мен топонимиканың байланысынан келіп шығатын «топонимдік фольклор» жанрының өзі жаңа бастама. Ал, енді «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» тақырыбына зерттеу жүргізу, диссертация жазу ізденушінің үлкен даярлығын қажет етеді. Өйткені, бұл үшін топонимдердің фольклор құрамынан орын алып, сол негізде көрініс табатын ұлттық танымдарды, жер-суға ат қоюдағы халықтың тарихи санасы мен тілдік ерекшеліктерін түгелімен қарастыру керек. Ізденуші осы талап тұрғысынан шығып, зерттеу жұмыстарын жүргізе келе негізінен ертегіден тыс халық прозасы жанрларында, атап айтқанда аңыз, әпсана, хикаят жанрларындағы топонимдердің қолданылу ерекшелігін жан-жақты ашқан. Бұл мәселеге бармас бұрын халық санасының сәби шағында топонимдердің мифпен байланысты дамығандығын, белгілі бір жер-су аттарының қойылу астарында мифтік мағына бар екендігін ашып көрсеткен. Бірнеше мифтік сюжетті мысал ретінде келтіріп, қарастырған. Сонымен бірге диссертант топонимдердің эпос поэтикасында орын алатын жағдайларын, эпос сюжетіне ақпараттық, мекендік, тарихи және деректілік сипат дарыта алатын мүмкіндіктерін кеңінен қарастырады. Топонимдер болмаса эпос композициясы дұрыс құрылу мүмкіндігінен айрылатынын, эпос кейіпкерінің жау еліне аттаныс сапарының бағыты беймәлім болып, сайын далада адасып жүргендей күй кешетін халін нақты мысалдармен дәлелдейді. Осы мәселелердің барлығын түркі халықтары фольклоры негізінде алып, диссертациялық жұмысына арқау етеді. Әрине, тақырыпты терең ашу үшін бір қарағанда барлық түркі халықтарын қамту керек сияқты көрінеді. Алайда ол мүмкін емес, себебі: диссертация ауқымы оны көтермейді. Сондықтан біз диссертанттың түркі халықтары ішіндегі қазақ, қарақалпақ, татар фольклорын бөлектеп алып зерттегендігін құптаймыз. Осы үлгіні негізгі ала отырып басқа да түркі халықтарының топонимдік фольклорын зерттеуге болады деп есептейміз.
----	---------------------	--	---

			Диссертант түркі халықтарының аңыздары мен эпсана-хикаяттарында мол қолданысқа түсетін топонимдерді танымдық, эстетикалық, поэтикалық тұрғыдан зерттеп қана қоймайды, олардық аталу сырларын, этимологиясын лингвистикалық білімдер негізінде саралайды. Түркі халықтарының «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Жик мерген» «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Асылбек пен Гүлжиһанның қиссасы», «Жаскілең», «Шахсанем Ғариб», «Бүз йегет», «Әреп-Райхан», «Меңліхал», «Гүл-Сәниуар», «Туләк» т.б. шығармаларының типологиясын салыстырмалы түрде ашып көрсетеді. Диссертация соңында берілген, жұртшылықтың қазіргі фольклорлық мәтіндерде қолданысқа түсетін топонимдерді қалайша қабылдайтынын анықтау үшін жүргізілген ассоциативті зерттеуінің де маңызы жоғары. Тұжырымдап айтқанда «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» тақырыбы бұрын арнайы зерттелген жоқ. Сондықтан бұл зерттеу еңбек фольклортану ғылымына сүбелі үлес қосады. Жұмыстың ғылымға маңыздылығы осында.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаған жұмыстарының нәтижесі болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық еңбектің өзектілігі толығымен ашылған (6-7 бб.). Қорғауға ұсынылып отырған «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» тақырыбы бұрын зерттелмеген тың тақырып. Бұл тақырып фольклортану ғылымы үшін қандай маңызды болса, түркі халықтарының жер-суға қатысын, жер-су атауларын шығармашылық өнеріне арқау етудегі таным бірлігін, мәдени ықпалдастығын көрсету үшін де сондай маңызға ие.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (9-10 бб). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы тақырыбын ашуға бағытталған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері тақырыбына толық сәйкес келеді. Жұмысты орындау барысында ізденуші алдына қойған мақсат-міндеттерді түгелдей орындаған. Түркі халықтарының фольклорлық жанрларында қолданысқа түсетін топонимдердің типологиясы мен поэтикасын жан-жақты ашып көрсеткен.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертациялық зерттеу кіріспеден, іштей тарауларға (9 тарау) жіктелген үш бөлімнен, әр бөлім бойынша жасалынған тұжырымдардан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырған және жүйелі түрде берген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертацияда диссертанттың өзіндік пікірін білдіретін сыни талдау бар. А.З.Кенбаева ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдіс-тәсілдер жұмыста дәлелденіп, түркі халықтары фольклорындағы топонимдер типологиясы мен поэтикасының теориялық және әдіснамалық негіздері жан-жақты ашылып, қазіргі ғылыми парадигмалар тұрғысынан зерттелуі, олардың өзіндік ерекшелігі, түркі халықтары фольклорындағы топонимдер типологиясы мен поэтикасы турасында айтылған өзге ғалымдардың пікірлері сыни тұрғыдан салыстырылып бағаланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Ізденуші өзіндік тұжырымдары мен нәтижелерін ғылыми басылымдарда жариялаған. Халықаралық Scopus ғылыми деректер базасына енгізілген басылымдарда 2 мақала, ҚР ҒжЖБМ-нің білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитеті ұсынған басылымда 3 мақала, халықаралық және практикалық конференцияларда 2 мақаланың жариялануымен расталады.

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Жұмыста түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің қолданысы, типологиясы мен поэтикасы тұңғыш рет сарапталады. Түркі халықтары эпостарының поэтикасына топонимдердің танымдық, мекендік, ақпараттық, эстетикалық, деректілік, символдық сипат дарытудағы әсері мен ықпалы салыстырмалы тұрғыда тұңғыш рет талданады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және ғылыми негізделген. Түркі халықтары фольклорындағы, оның ішінде қазақ, татар, қарақалпақ қаһармандық эпостарындағы топонимдерді тілдік-әдеби жағынан қатар зерттей отырып, түрлі ғылыми білімдер аясында зерделеу, сонымен қатар қазақ эпосы топонимдерін басқа да түркі халықтары эпостарымен салыстыра қарау тәрізді концептілердің талдануы ғылыми зерттеудің басты жаңалығы болып саналады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген және эмпирикалық зерттеулердің нәтижелерінен туындайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар: 1) Берілген анықтамаларды талдай келе, өз тарапынан топонимдік фольклор өз аясында кең ұғым болғандықтан, оның өзіндік мета тілі, яғни терминдер жүйесі болады. Мәселен, <i>топонимдік сюжет</i> деген терминді алып қарар болсақ, оған мынадай анықтама беруге болады: ол - өз құрамында мифтік танымға сәйкестендірілген фольклорлық сюжетті қамтып, тек бір ғана емес, бірнеше формаларда көрініс беретін фольклор элементі. Демек бұл сюжеттер топонимдік фольклор арнасынан табылады. Алғашқы таным-түсініктер, мифтік әңгімелер фольклорға өзіндік <i>сюжетпен, этюдпен, детальмен, штрихпен</i> беріліп, айқындалуы мүмкін. Міне, сол мезетте, жаңа сала, жаңа түр (топофольклор) пайда болады (26 б).

		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кен 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	2) Топонимдер тарихи жағдайда тұрақты түрде сол жағдайларға бейімделе дамыды. Сонымен бірге топонимдерге мәдени-экономикалық ахуал, халық тілінің өзгере дамуы, қоғамдық өмір сынды факторлар да әсер етті. Мындаған жыл бойы тарихи ландшафт пен халық тілінің өзгеруі топонимдердің жаңарып дамуына әкелді. Қазақ жерінде орын алған түрлі оқиғалардың себебінен топонимдік жүйе ұзақ жылдар бойы қиын тарихи-географиялық, лингвистикалық шартты жағдайлар арқылы қалыптасты (46-47 бб). 3) Географиялық атаулар қоғамдағы саяси, экономикалық өзгерістер әсерінен қалыптасып, сол дәуір туралы мәдени-тарихи ақпаратты ұзақ уақыт бойы сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізеді. Топонимдерде халықтың тұрмысы, адамдардың сенімі жайлы, тілде, мәдениетте, тарихта «кодталған» ақпараттар көрінеді. Ономастикалық кеңістік әр уақытта нақты. Дүниені қабылдау ұлттың әлемді рационалды-логикалық түсінуінен, бағалауынан көрініс табады. Өз кезегінде топонимдер халық өмірінде мәдени-философиялық мәнге ие. Осылайша топонимдер лингвомәдени феномен ретінде анықталып, тілдік тұлғаның өзіне тән ұлттық колориті бейнеленетін ұғым ретінде айқындалады. Топонимдер арқылы сол атауға қатысты мағына ғана емес, индивид санасындағы образы да анықталады (48-50 бб). 4) Қазақ, қарақалпақ, татар эпостарындағы әлемнің топонимдік бейнесін анықтау топонимика саласының антропоэзектік парадигма аясында зерттеудің жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Топонимдер топонимика саласының басты зерттеу нысаны ретінде анықталады. Өз кезегінде топонимдер географиялық нысан атауы ғана емес, халықтың тұрмыс-тіршілігінде мәдени-философиялық тұрғыдан маңызды қызмет атқарады. Топонимдердің негізгі мағынасы белгілі бір өңірде орналасқан нысанның адам санасында тарихи оқиғалармен байланысы немесе халық өмір сүрген кезеңнің бейнесімен анықталады. Топонимдердің кеңістік ұғымында қарастырылуы арқылы топонимдер құрамында анықталатын мәдени ақпараттар, мәдениеттің дамуы, өрлеуі жайлы кеңінен ақпарат береді. Сонымен
--	--	--	---

			қатар сол кезеңдегі тілдің өзгеруі, құрылым жайлы хабар беріп, халықтың топонимдік бейнесін қалыптастырады деп негіздеп дәлелдейді (59-61 бб).
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың тиісті тарауында нақты сипатталған (12 б). Зерттеуде жалпы ғылыми әдістер – сипаттамалы әдіс, талдау әдісі, салғастырмалы әдіс, салыстырмалы әдіс сандық және сапалық тұрғыда тиімді пайдаланылған. Аталған әдістерден диссертанттың тыңғылықты теориялық және әдістемелік дайындығы байқалады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерін өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін ұлттық мінез негізінде кейіпкердің өзіндік болмысын ашу үшін талдауда тиімді пайдаланылған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген әрі расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты әрі сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасын белгіленген міндеттер тұрғысынан зерттеу үшін келесі ғалымдардың теориялық-әдіснамалық тұжырымдары мен іргелі еңбектері басшылыққа алынды: фольклор, фольклордағы сюжеттік желі мен мотив мәселесі, фольклордың топонимикамен байланысы отандық С. Қасқабасов,

			Р. Бердібай, А. Сейдімбеков, Ш. Ыбыраев, К. Матыжанов, Б. Рахымов, А. Әбсадықов, А.Ш. Пангереев зерттеу еңбектерінен, шетелдік ғалымдар В.Я. Пропп, М.А. Атаманов, В.А. Никонов, бүгінгі таңда фольклортану саласының жаңа арнасы кросс-мәдени лингвофольклортану жайлы В. фон Гумбольдт, А.П.Евгеньева, А.В.Десницкая, П.Г.Богатырев, А.Т. Хроленко, З.К. Тарланов, З.Я. Тураева, А.Ф. Папина зерттеулері; татар фольклористерінің А.Р. Биктимирова, Г.З.Дарзаманова, Г.Р.Ганиева, қарақалпақ зерттеушілері Қ.М.Оллоёров, Қ. Әбдимуратов, М.Курбанов, Д.Юлдашев, Г.Мамбетова; топонимдер классификациясын нақтылап жүйелеуде А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, В.П. Семенов Тян-Шанский, А.М. Селищев; қазақ жеріндегі топонимдік атаулардың уәждік, деректік сапасын анықтауда А. Абдрахманов, Ғ. Қонқашпаев, Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов, В.Н. Попов, О. Султаньяев, Е. Керімбаев, А. Қожанов, Б. Бектасова, Ғ. Мадиева; топонимдік тұлға жайлы С.Г. Воркаев, В.И. Карасик, Р.И. Розина, Т.Н. Снитко, Ю.С. Степенев, және т.б. ғалымдар еңбектеріне негізделген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынған және сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді қосқанда 155 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелері диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген. Диссертациялық жұмыс дәлелдемелері визуалды ақпаратпен толықтырылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия ; 2) жок	Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар түркі халықтары фольклорындағы, оның ішінде қазақ, татар, қарақалпақ қаһармандық эпостарындағы топонимдер, фольклор мен әдебиеттану ғылымы салаларының ғылыми-теориялық негіздеріне және аталған ғылым салалары теориялық мәселелерінің фундаменталды дамуына өз үлесін қосады (14, 21, 48 бб.).

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ	Диссертациялық еңбектің фольклордың басқа ғылым салаларымен байланысты зерттелініп, жаңа танымдық дүниелерге қол жеткізуде практикалық маңызы бар. Диссертациялық жұмысты филологиялық білім бағдарламалары бойынша оқитын студенттерге таңдау компоненті пәні ретінде ұсынуға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Әлемдік фольклортану, әдебиеттану ғылымы материалдары бойынша түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы алғаш рет зерттеліп отыр. Диссертанттың зерттеу жұмысы өзектілігі, мақсаттары мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелер мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін, аяқталған ғылыми жұмыс.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы өте жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай орындалған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. А.З.Кенбаеваның диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады. Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасын салыстырмалы аспектіде зерттеу өзектілігі дау туғызбайды. Өйткені түркі халықтары фольклорындағы топонимдер типологиясы мен поэтикасының түрлерін ажырату мәселесінде ғалымдар арасында бірізді пікір жоқ. Диссертант аталған мәселелерді шешу барысында түркі халықтары фольклорындағы топонимдер типологиясын қазақ, татар, қарақалпақ қаһармандық эпостарындағы топонимдер негізінде анықтап, оларға салыстырмалы талдау үлгісін жасаған. Түркі халықтары фольклорындағы топонимдер типологиясын анықтау үшін жүргізілген сауалнамаларды талдауы да оң нәтиже берген. Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасын салыстыра талдауы диссертанттың әртүрлі

11	Диссертацияға ескертулер		Мәтінде бірен-саран техникалық, пунктуациялық қателер кездеседі. Орфографиялық қателер, сызықша мен тирелердің берілуіне мән беру керек. Алайда бұл ескертулер зерттеудің ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық маңызына нұқсан келтірмейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді).		Ізденуші өзіндік тұжырымдары мен нәтижелерін ғылыми басылымдарда жариялаған. Халықаралық Scopus ғылыми деректер базасына енгізілген басылымдарда 2 мақала, ҚР ҒжЖБМ-нің білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитеті ұсынған басылымда 3 мақала және халықаралық ғылыми конференцияларында 1 мақаланың басылуымен расталады. Бұл мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылды. Докторанттың мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тарауларымен сәйкеседі әрі ғылыми деңгейі жоғары.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 28-тармағына сәйкес).		«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кенбаева Айнұр Зинеловнаның «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, зерттеу жұмысының өзектілігі өткір, мақсат-міндеттері айқын, ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы жоғары зерттеу ретінде бағалап, еңбектің авторы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

		ақпаратпен жұмыс істей білетіндігін, өзгелердің идеяларын түсініп, оны қабылдай алатындығын, өз идеясын айтып, оны негіздей білетіндігін аңғартады, кәсіби біліктілігін көрсетеді.
--	--	--

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Кенбаева Айнур Зинеловнаның «8D02304 – Филология» мамандығы бойынша «Түркі халықтары фольклорындағы топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
аға ғылыми қызметкері,
PhD

21.02.2025



А.З. Бисенғали

(аты-жөні)	
қолын қуалаңдырамын	
«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару, құжаттамамен қамтамасыз өту және бақылау бөлімі	
« 21 »	20.25 ж.